

**Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының аумағында жолаушыларды қалалық қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланатын тарифті белгілеу туралы" 2017 жылғы 20 шілдедегі № 3/293 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Алматы қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 24 қаңтардағы № 1/31 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2018 жылғы 8 ақпанда № 1451 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 22 тамыздағы № 3/457 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 22.08.2023 № 3/457 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 19 бабының 2-1 тармағына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының аумағында жолаушыларды қалалық қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланатын тарифті белгілеу туралы" 2017 жылғы 20 шілдедегі № 3/293 қаулысына ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1395 болып тіркелген, 2017 жылғы 22 шілдеде "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1. Алматы қаласының аумағында жолаушыларды қалалық қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланатын тариф келесі мөлшерде белгіленсін:

жол ақысын ұялы байланыс операторының көрсетілетін қызметтері арқылы немесе электрондық жол жүру картасы арқылы қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде – 80 (сексен) теңге;

жол ақысын қолма-қол ақшамен төлеу кезінде – 150 (жүз елу) теңге."

2. Алматы қаласы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, кейіннен мерзімді баспа басылымдарында, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне және Алматы қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М. Дәрібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы қаласының әкімі*

*Б. Байбек*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК